

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

«ОБЛЫС АУМАҒЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК БАСТАУЫШ, НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА, АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ЖӘНЕ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ, ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА МАМАНДАР ДАЯРЛАУ, БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚҚА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-МЕДИЦИНАЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ КӨМЕК ҚЫЗМЕТІНЕ АУДИТ ЖҮРГІЗУ»

Түркістан 2022 жыл

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

III. Қорытынды бөлік

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша:
Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.

I. Кіріспе

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: «Облыс аумағында мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында, арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша және мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау, балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек қызметіне аудит жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

- 1) Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес жергілікті бюджетті жоспарлаудың және атқару тиімділігі;
- 2) Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділігі.

1.3. Мемлекеттік аудит объектілері:

1. «Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесі; *(оның ішінде 71 объект бойынша үстеме тексеру)*

2. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Түркістан жоғары көпсалалы, қолөнер колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын;

3. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Түлкібас агробизнес және саяхат колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын;

4. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Қапланбек жоғары аграрлық-техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын;

5. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Ғ.Мұратбаев атындағы Жетысай гуманитарлық техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын;

6. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Мақтарал аграрлық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын;

7. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Созак аулындағы №1 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын;

8. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Кентау қаласындағы №7 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын;

9. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Төлеби ауданындағы №8 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын;

10. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Түркістан көпсалалы-техникалық колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын;

11. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Қазығұрт ауданындағы №11 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын;

12. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «№12 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын;

13. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «№13 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын;

14. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Мақтарал ауданындағы №14 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын;

15. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Жетісай ауданындағы №15 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын;

16. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Арыс қаласындағы №17 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын;

17. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Ордабасы ауданындағы №18 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын;

18. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Байдібек ауданындағы №19 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын;

19. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Отырар ауданындағы Д.Құрманбеков атындағы №20 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын;

20. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Көпсалалы индустриалды техникалық колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын;

21. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Кәсіптік оқудағы көпсалы колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын;

22. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «№24 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын;

23. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Д.Қонаев атындағы аграрлық техникалық колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын;

24. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Кентау көпсалалы колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын;

25. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «№4 психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

26. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Арыс қаласы психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

27. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Сарыағаш ауданы психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

28. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «№2 психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

29. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Қазығұрт ауданы психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

30. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «№5 психологиялық -медициналық- педагогикалық кеңес» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

31. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Төлеби ауданы психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

32. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Кентау қаласының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

33. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Түлкібас ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

34. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Ордабасы ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

35. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Бәйдібек ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

36. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Созақ ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

37. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Отырар ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

38. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Жетісай қаласы психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

39. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «№3 психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

40. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Шардара ауданы психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

41. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Мақтарал ауданы психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

42. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Келес ауданы психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

43. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «№6 психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

44. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Сайрам ауданы психологиялық -педагогикалық түзету кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

45. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Түркістан облысы психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

46. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «№1 психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

47. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Түркістан қаласы психологиялық -педагогикалық түзету кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

48. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Түркістан көмекші мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

49. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

50. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Сарыағаш ауданының мамандандырылған №4 мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

51. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Ж.Қаппаров атындағы №5 физика математикалық мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

52. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Қазығұрт ауданының мамандандырылған «Дарын» мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

53. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «№11 санаторий типтес арнаулы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

54. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

55. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Құлағы нашар еститін балалар үшін Ленгір қосалқы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

56. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Ленгір көмекші мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

57. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Ленгір тілінде ауыр кемістігі бар балаларға арналған көмекші мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

58. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Кентау қаласы №3 «Білім инновация» лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

59. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Дарын» мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

60. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Түлкібас ауданының үш тілде оқытатын мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

61. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Жетісай қосалқы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

62. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Жетісай ауданының мамандандырылған «Дарын» мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

63. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Шардара ауданының М.Қалмырза атындағы №3 мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

64. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

65. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Б.Өтеп атындағы «Өнер» мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

66. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «М.Тасова атындағы үш тілде оқытатын мамандандырылған №12 мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

67. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Облыстық тілінде ауыр кемістігі бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

68. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Бәйдібек ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

69. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

70. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Түлкібас ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

71. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

72. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Арыс қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 01.10.2018 -31.08.2021 жыл аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік:

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2021 жылға арналған тізбесіне сәйкес, «Облыс аумағында мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында, арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша және мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау, балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек қызметіне аудит жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті 20.09.2021-24.12.2021 жыл аралығы, 23.12.2021 жылғы №186 бұйрықпен уақытша тоқтатылып, 18.01.2022 жылғы №5 бұйрыққа сәйкес 20.01.2022-04.02.2022 жыл аралығында жүргізілді.

Аудиторлық іс-шарамен жалпы 72 аудит объектісі қамтылды. (71 аудит объектісі бойынша үстеме тексеру) Оның ішінде 6 мемлекеттік мекеме, 43 коммуналдық мемлекеттік мекемесінде және 23 мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында жүргізілді.

Мемлекеттік аудиттің мәніне сәйкес Облыстың адами әлеуетті дамыту басқармасына оған бағынысты мекемелер мен кәсіпорындарға бөлінген бюджет қаражатының және мемлекеттік активтерінің пайдаланылуы тиімділігіне аудит жүргізілді. Бұл ретте аудиторлық іс-шараның мақсатына сәйкес Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес жергілікті бюджетті жоспарлаудың және атқару тиімділігіне, мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділігіне тексеру жүргізілу жоспарланды.

Мемлекеттік аудит объектісінің бюджеттік бағдарламаларының орындалу тиімділігі.

Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту талаптарының заңнамаға сәйкестігі;

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №195 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптар» 19 тармағына сәйкес, мекеме бойынша стратегиялық жоспар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшісі ретінде мекеменің 2019-2021 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламалары басқарма басшысының 25.12.2018 жылғы №339 бұйрығымен, 2020-2022 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламалары басқарма басшысының 9.12.2019 жылғы №67 бұйрығымен, 2021-2023 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламалары басқарма басшысының 25.12.2020 жылғы №263 бұйрығымен бекітіліп, қажеттілікке байланысты тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.

2018 жыл

«Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесі бойынша 2018 жылға арналған бюджеттік бағдарламалардың 2019 жылдың 1 қаңтарына нәтижелер көрсеткішіне қол жеткізу келесідей болған:

261 001 «Жергілікті деңгейде білім саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша қаралған 156 256,0 мың теңгенің 156 250,4 мың теңгесі игерілген, немесе 100,0%-ға орындалған. Игерілмеген 5,6 мың теңге нақты шығыстан үнемделген қаржы (*оның ішінде осы аудиторлық іс-шарамен қамтылғаны 01.10-31.12.2018 жыл аралығында 53 158,1 мың теңге*).

Бюджеттік бағдарлама бойынша жоспарланған 41 штаттық бірлік мемлекеттік қызметкер және 10 штаттан тыс қызметші ұсталған.

Бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижелеріне толық қол жеткізілген.

261 003 «Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру» бюджеттік бағдарламасына 2 858 304,0 мың теңге жоспарланып 2 857 807,8 мың теңгесі игерілді немесе 100%-ға орындалды. Игерілмеген 496,2 мың теңгенің 397,0 мың теңгесі азық-түлік өнімдері (*Ленгір құлағы нашар еститін мектеп интернатына*) толық жеткізілмеуіне байланысты игерілмеген, 99,2 мың теңге нақты шығыстар есебінен үнемделген қаржы (*оның ішінде осы аудиторлық іс-шарамен қамтылғаны 01.10-31.12.2018 жыл аралығында 537 818,7 мың теңге*).

Аталған бағдарлама бойынша 12 қосалқы, девиантты мінез - құлықты балаларға арналған және санаторий типтес мектеп-интернаттары қаржыландырылған, арнайы білім алатын даму мүмкіндігі шектеулі балалардың орташа жылдық контингенті 2 384 оқушы қамту жоспарланып, толығымен орындалған, оның ішінде: 126 – көру қабілеті бұзылған, 132 – есту қабілеті бұзылған (*нашар еститін балаларға*), 204 – есту қабілеті бұзылған (*саңырау*) балаларға мүмкіндігіне қарай жан-жақты білім беру және қоғамда өмір сүруге бейімделуіне жағдай жасалынған.

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқу бағдарламаларын іске асыраған мұғалімдердің жоспардағы 369,6 педагогикалық ставкасына үстем ақы төлену толығымен орындалған.

Дебиторлық берешек коммуналдық қызметтер бойынша 559,4 мың теңгені, байланыс қызметі бойынша 29,0 мың теңгені, өзге де қызметтерге ақы төлеуге 171,4 мың теңгені, ал кредиторлық берешек коммуналдық қызметтер бойынша 555,6 мың теңгені, байланыс қызметіне 64,3 мың теңгені құраған.

Бюджеттік бағдарламаның тікелей және түпкі нәтижелерінің көрсеткіштеріне қол жеткізілген.

261 006 «Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 3 833 412,0 мың теңге жоспарланып, 3 831 918,2 мың теңгесі игерілген, немесе 100%-ға орындалды. Жалақы қорынан 393,0 мың теңге үнемделген және 1 058,8 мың теңге №2 қыз балаларға арналған Білім инновация лицей интернаты Шымкент қаласына өтуіне байланысты өзге де шығындарға

қаралған қаржыдан қалдық есебінен игерілмеген *(оның ішінде осы аудиторлық іс-шарамен қамтылғаны 01.10-31.12.2018 жыл аралығында 703196,0 мың теңге)*.

Аталған бағдарлама бойынша 12 мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттар қаржыландырылған. Жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарды тереңдете оқумен 2 556, ағылшын және түрік тілдерін дамыту және тереңдете оқумен 921 және өнертану бағытын дамыту және тереңдете оқумен 306 оқушыларды қамту жоспары толығымен орындалған.

Сондай-ақ, облыстық дарынды балаларға арналған мектеп интернаттарын 693 оқушы бітірсе, оның 603 оқушысы оқу бағдарламаны табысты меңгерген.

Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру, бағдарламалар бойынша бейімдеу пәндерін енгізу арқылы оқушыларды терең дайындау мақсатында ағылшын тілінен оқуға 22 мұғалім жіберіліп, ағылшын тілінде оқытқаны үшін 47 мұғалім үстемеақы алды. Сонымен қатар, республикалық бюджет есебінен бөлінген 110 700,0 мың теңгеге жоспардағы 367 мұғалім ұлттық біліктілік тестінен өтіп, 281 мұғалім педагогикалық жүктемемен жаңартылған білім беру мазмұнымен оқу бағдарламалары іске асырған.

Дебиторлық берешек коммуналдық қызметтер бойынша 2 028,2 мың теңгені, байланыс қызметі бойынша 793,2 мың теңгені, ал кредиторлық берешек коммуналдық қызметтер бойынша 4 375,3 мың теңге, байланыс қызметіне 199,6 мың теңгені құраған.

Бюджеттік бағдарламаның тікелей және түпкі нәтижелеріне қол жеткізілген.

261 011 «Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету» бюджеттік бағдарламасы бойынша 537 613,0 мың теңге жоспарланып, жоспар 537 594,2 мың теңге игерілген, немесе 100%-ға орындалған. Игерілмеген 18,8 мың теңге нақты шығыстардан үнемделген қаржы *(оның ішінде осы аудиторлық іс-шарамен қамтылғаны 01.10-31.12.2018 жыл аралығында 114 354,5 мың теңге)*.

Оқу жылында кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдай отырып облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес жоспар 14000 балаға қоғам өміріне қатысу мүмкіндіктерін жасауға бағытталған арнаулы әлеуметтік, медициналық және білім беру қызметтері көрсету жоспарланса, қосымша 3 психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету мекемелері ашылуына байланысты нақты 15 607 балаға консультациялық көмек көрсетілген.

Дебиторлық берешек коммуналдық қызметтер бойынша 616,4 мың теңге, байланыс қызметі бойынша 128,4 мың теңгені, ал кредиторлық берешек коммуналдық қызметтер бойынша 12,3 мың теңге, байланыс қызметіне 116,9 мың теңгені құраған.

Бюджеттік бағдарламаның тікелей және түпкі нәтижелеріне қол жеткізілген.

261 024 «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау» бюджеттік бағдарламасы бойынша 14 183 156,0 мың теңге жоспарланып толығымен игерілді немесе 100%-ға орындалды (*оның ішінде осы аудиторлық іс-шарамен қамтылғаны 01.10-31.12.2018 жыл аралығында 3 343 566,0 мың теңге*).

Облыстық білім басқармасына қарасты 26 колледжде және 21 жекеменшік колледжде мемлекеттік тапсырыспен жоспардағы 24 480 студент еңбек рыногының қажеттілігіне сай теориялық және өндірістік оқытудың өзара байланысымен қамтамасыз етілген, 20 760 студент шәкіртақымен және 28 039 студентке жеңілдікпен жол жүру төлемдері толығымен төленген.

Сондай-ақ, мемлекеттік тапсырыс бойынша техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары жоспардағы 6 444 түлектері және оқуды аяқтағаннан кейінгі бірінші жылы 4922 түлекті жұмысқа орналастыру көрсеткештері толығымен орындалған.

Бюджеттік бағдарламаның тікелей және түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізілген.

261 052 «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2 757 155,0 мың теңге жоспарланып толығымен игерілген немесе 100%-ға орындалған (*оның ішінде осы аудиторлық іс-шарамен қамтылғаны 01.10-31.12.2018 жыл аралығында 706 139,0 мың теңге*).

Аталған бағдарлама бойынша кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау бағдарламасы аясында облыстық 26 колледждерде оқитындардың жоспардағы жылдық орташа саны 4 582 адам оқыған.

Бюджеттік бағдарламаның тікелей және түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізілген.

261 067 «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2 655 044,0 мың теңге жоспарланып, 2 649 417,7 мың теңгесі

игерілген. Игерілмеген 5 626,3 мың теңгенің 5 447,0 мың теңгесі Кентау қаласындағы №3 Білім инновация лицей интернатына робототехника кабинетін жабдықтауға арналған тауарлар жеткізілмеуіне байланысты игерілмеген және 179,3 мың теңге нақты шығыстардан үнемделген қаржы

(*оның ішінде осы аудиторлық іс-шарамен қамтылғаны 01.10-31.12.2018 жыл аралығында 1 060 105,3 мың теңге*).

Облыстық бюджетке қарасты жоспардағы 8 мекемеде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 6 мекемеге жобалау-сметалық құжаттамалар жасалынып, 70 мемлекеттік мекемелермен кәсіпорындардың материалдық базасы толығымен нығайтылған.

Бюджеттік бағдарламаның тікелей және түпкі нәтижелеріне толық қол жеткізілмеген.

2019 жыл

«Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесі бойынша 2019 жылға арналған бюджеттік бағдарламалардың 2020 жылдың 1 қаңтарына нәтижелер көрсеткішіне қол жеткізу келесідей болған:

753 001 «Жергілікті деңгейде адами әлеуетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша қаралған 286 977,0 мың теңгенің 285 455,4 мың теңгесі игерілген немесе 99,5%-ға орындалған. Игерілмеген 1 521,6 мың теңге нақты шығыстан үнемделген қаржы.

Бюджеттік бағдарлама бойынша жоспарланған 41 штаттық бірлік мемлекеттік қызметкер және 10 штаттан тыс қызметші ұсталған. Жыл қорытындысымен дебиторлық берешек орын алмаған. Байланыс қызметінен 271,2 мың теңге кредиторлық қарыздар ел ішіндегі іссапар шығыстары бойынша орын алған.

Бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижелеріне толық қол жеткізілген.

753 003 «Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру» бюджеттік бағдарламасына 2 342 315,0 мың теңге жоспарланып 2 335 132,0 мың теңгесі игерілген немесе 99,7%-ға орындалған. Игерілмеген 7 183,0 мың теңге каникулдық және демалыс күндері жатақханада қалып оқитын оқушылардың санының азаюына байланысты (*Төлеби ауданында тілінде ауыр кемістігі бар мектеп интернаты, Төлеби ауданындағы көзі нашар көретін көмекші мектеп интернаты*) үнемделген қаржы.

753 006 «Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 3 008 469,0 мың теңге жоспарланып, 3 008 465,2 мың теңгесі игерілген, немесе 100%-ға орындалған. Игерілмеген 3,8 мың теңге нақты шығыстардан үнемделген қаржы.

Жыл қорытындысымен кредиторлық берешек коммуналдық қызметтер бойынша 1 315,4 мың теңге, байланыс қызметіне 88,5 мың теңгені, ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар бойынша 3 886,8 мың теңгені құраған.

Бюджеттік бағдарлама бойынша қаралған тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізілген.

753 011 «Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету» бюджеттік бағдарламасы бойынша 666 232,0 мың теңге жоспарланып, 666 228,7 мың теңгесі игерілген немесе 100%-ға орындалған. Игерілмеген 3,3 мың теңге нақты шығыстардан үнемделген.

Бюджеттік бағдарлама бойынша тікелей және түпкі нәтижелеріне қол жеткізілген.

753 024 «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау» бюджеттік бағдарламасы бойынша 13 483 816,0 мың теңге жоспарланып 13 462 998,0 мың теңге игерілген немесе 99,8% орындалған. Жоспарланған жұмысшы мамандығына 972 студент кем қабылдануына байланысты 20 818,0 мың теңге игерілмеген.

Бюджеттік бағдарлама бойынша қаралған тікелей нәтижелерге қол жеткізілгенімен, түпкілікті нәтижеге қол жеткізілмеген.

753 052 «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау» бюджеттік бағдарламасы бойынша 3 846 782,0 мың теңге жоспарланып, оның 3 842 615,0 мың теңгесі игерілген немесе 99,9%-ға орындалған. Игерілмеген 4 167,0 мың теңге 138 колледж студенттерінің оқудан шығып қалуына байланысты үнемделген қаржы.

Бюджеттік бағдарлама бойынша қаралған тікелей нәтижелеріне қол жеткізілмеген, түпкілікті нәтиже көрсеткіштері айқын және нақты көрсетілмеген.

753 067 «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 1 413 293,0 мың теңге жоспарланып, 1 408 895,1 мың теңгесі игерілген. Игерілмеген 4 397,9 мың теңге мемлекеттік сатып алу конкурсы қортынысымен үнемделген қаржы (*«Бауыржан» отбасылы балалар ауылы мемлекеттік мекемесінде – 1 192,2 мың теңге, Төлеби отбасылы балалар ауылы мемлекеттік мекемесінде – 3 205,5 мың теңге*).

Бюджеттік бағдарламаның тікелей және түпкі нәтижелеріне толық қол жеткізілген.

2020 жыл

«Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесі бойынша 2020 жылға арналған бюджеттік бағдарламалардың 2021 жылдың 1 қаңтарына нәтижелер көрсеткішіне қол жеткізу келесідей болған:

753 001 «Жергілікті деңгейде адами әлеуетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша қаралған 213 047,0 мың теңгенің 213 027,3 мың теңгесі игерілген, немесе 100,0%-ға орындалған. Игерілмеген 19,7 мың теңге нақты шығыстан үнемделген қаржы.

Бюджеттік бағдарлама бойынша жоспарланған 46 штаттық бірлік мемлекеттік қызметкер және 14 штаттан тыс қызметші ұсталған.

Жыл қорытындысымен дебиторлық берешек еңбекке ақы төлеу бойынша 1034,9 мың теңгені, әлеуметтік салыққа 227,7 мың теңге, ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарларға 25,0 мың теңгені құраған.

Бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижелеріне толық қол жеткізілген.

753 003 «Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру» бюджеттік бағдарламасына 2 592 008,0 мың теңге жоспарланып 2 592 002,9 мың теңгесі игерілген немесе 100,0%-ға орындалған. Игерілмеген 5,1 мың теңге нақты шығыстан үнемделген қаржы.

Жыл қорытындысымен кредиторлық берешек еңбекке ақы төлеу бойынша 4200,7 мың теңгені, әлеуметтік салыққа 616,4 мың теңгені, әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына әлеуметтік аударымдарға 5,7 мың теңгені, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аударымдарға 13,7 мың теңгені, ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарларға 284,3 мың теңгені құраған.

Дебиторлық берешек еңбекке ақы төлеу бойынша 4199,5 мың теңгені, әлеуметтік салыққа 73,4 мың теңгені, әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына әлеуметтік аударымдарға 46,9 мың теңгені, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аударымдарға 41,3 мың теңгені, коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге 146,8 мың теңгені, байланыс қызметтеріне ақы төлеуге 77,1 мың теңгені құраған.

Бюджеттік бағдарлама бойынша қаралған тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізілген.

753 006 «Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 3 046 728,0 мың теңге жоспарланып, 3 046 718,2 мың теңгесі игерілген, немесе 100%-ға орындалған. Игерілмеген 9,8 мың теңге нақты шығыстардан үнемделген қаржы.

Сонымен қатар, облыстық дарынды балаларға арналған мектеп интернаттардың жаратылыстану-математика пәндері бойынша мектеп бітіргендер 536, оқу бағдарламасын табысты меңгерген 482 оқушыларды қамту жоспары толығымен орындалған.

Жыл қорытындысымен кредиторлық берешек еңбекке ақы төлеу бойынша 160,9 мың теңгені, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аударымдарға 19,8 мың теңгені, коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге 689,0 мың теңгені, ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарларға 833,6 мың теңгені құраған.

Дебиторлық берешек еңбекке ақы төлеу бойынша 3 146,8 мың теңгені, әлеуметтік салыққа 891,2 мың теңгені, әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына әлеуметтік аударымдарға 1 119,9 мың теңгені, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аударымдарға 759,0 мың теңгені, коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге 1 170,5 мың теңгені, байланыс қызметтеріне ақы төлеуге 102,3 мың теңгені құраған.

Бюджеттік бағдарлама бойынша қаралған тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізілген.

753 011 «Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету» бюджеттік бағдарламасы бойынша 870 250,0 мың теңге жоспарланып, 870 221,8 мың теңгесі игерілген немесе 100%-ға орындалған. Игерілмеген 28,2 мың теңге нақты шығыстардан үнемделген.

Жыл қорытындысымен кредиторлық берешек еңбекке ақы төлеу бойынша 2,9 мың теңгені, әлеуметтік салыққа 21,9 мың теңгені, әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына әлеуметтік аударымдарға 57,4 мың теңгені, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аударымдарға 40,6 мың теңгені, коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге 280,2 мың теңгені, ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарларға 182,9 мың теңгені құраған.

Дебиторлық берешек еңбекке ақы төлеу бойынша 142,3 мың теңгені, әлеуметтік салыққа 80,3 мың теңгені, әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына әлеуметтік аударымдарға 14,4 мың теңгені құраған.

Бюджеттік бағдарлама бойынша тікелей және түпкі нәтижелеріне қол жеткізілген.

753 024 «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау» бюджеттік бағдарламасы бойынша 15 468 793,0 мың теңге жоспарланып 15 449 318,0 мың теңге игерілген немесе 99,9% орындалған.

Игерілмеген 19475,0 мың теңге 2020-2021 оқу жылында мұғалімдердің штаттық саны 30 штаттық бірлікке кемеуіне байланысты үнемделген қаржы.

Сондай-ақ, мемлекеттік тапсырыс бойынша техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары жоспардағы 6410 түлектері және оқуды аяқтағаннан кейінгі бірінші жылы 3201 түлектері жұмысқа орналастырылған.

Бюджеттік бағдарлама бойынша қаралған тікелей нәтижелерге қол жеткізілгенімен, түпкілікті нәтижеге қол жеткізілмеген.

753 052 «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау» бюджеттік бағдарламасы бойынша 4 311 396,0 мың теңге жоспарланып, оның 4 309 284,4 мың теңгесі игерілген немесе 100%-ға орындалған.

Жыл қорытындысымен 2111,6 мың теңге игерілмеген, себебі желтоқсан айында бюджетті нақтылау барысында республикалық бюджеттен 47000,0 мың теңге көлемінде, сонымен қатар үш кәсіпорыннан 26899,0 мың теңге үнемделген. Барлығы кәсіпорындардың бюджеттік өтінімі 73899,0 мың теңгеге көбейген.

Мемлекеттік сатып алу заңына сәйкес жылдық жоспарға келісім-шарт жасалған, алайда жыл соңында РБ 47000,0 мың теңге қосылмастан келісім-шарттан қаржыны қысқарту барысында Қазынашылық департаментінің хатына сәйкес 16 желтоқсаннан кейін бюджеттік өтінім қабылданбай, 2111,6 мың теңге бос қалдық есебінен қаржы игерілмеген.

Кадрлар даярлау ісінде тараптардың жауапкершілігін қамтамасыз етуге, практиканы күшейту, жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес оқытудың мазмұны жаңартуға қатысты өзгерістер енгізіліп, дуальды оқыту аясында практика 80% -ға дейін өскен.

Бюджеттік бағдарламаның тікелей және түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізілген.

753 067 «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2 723 076,0 мың теңге жоспарланып, 2 720 325,9 мың теңгесі игерілген. Игерілмеген 2750,1 мың теңге мемлекеттік сатып алу конкурсы қорытындысымен үнемделген қаржы («№11 колледж» МКҚК-да – 2676,8 мың теңге, «Қапланбек жоғары аграрлық-техникалық колледжі» МКҚК-да – 0,8 мың теңге). Аталған бюджеттік бағдарлама бойынша осы аудитпен қамтылған қаржы көлемі 2 181 794,1 мың теңге.

Осы ретте, «Жас маман» жобасы аясында бағдарлама талаптарына сай келетін облысымыздың 26 колледждің ішінен 5 кәсіпорын («№11 колледж» МКҚК, «Қапланбек жоғары аграрлық-техникалық колледжі», «Түркістан көпсалалы-техникалық колледжі», «Түлкібас агробизнес және саяхат колледжі», «Түркістан жоғары көпсалалы, қол өнер колледжі») іріктеліп

алынып, материалдық-техникалық базасы жаңартуға 1 398 884,6 мың теңге жұмсалған. Бұл оқу орындары үшін материалдық базаны халықаралық талаптарға сәйкес келтірудің бірегей мүмкіндігі берілген.

Бюджеттік бағдарламаның тікелей және түпкі нәтижелеріне толық қол жеткізілген.

2021 жыл

«Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесі бойынша 2021 жылдың 8 айында бюджеттік бағдарламалар бойынша жоспарланған қаржылардың орындалуы келесідей болған:

753 001 «Жергілікті деңгейде адами әлеуетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша қаралған 144 934,0 мың теңгенің 134 147,5 мың теңгесі игерілген. Есепті кезеңге игерілмеген қаржы 10 786,5 мың теңгені құрайды. Оның ішінде, айлық жалақы қорынан 7 485,4 мың теңге, 131 ерекшелік бойынша тех қызметкерлердің айлық жалақы қорынан - 1013,6 мың теңге, 144 ерекшеліктен 1 406,6 мың теңге, 322 ерекшеліктен 29,6 мың теңге ағымдағы айда үнемделген қаржылар, 149 ерекшеліктен 1 406,6 мың теңге, 159 ерекшеліктен 850,0 мың теңге жеткізілетін тауарлармен, көрсетілетін қызметтердің орындалмау салдарынан қаржы игерілмеген.

753 003 «Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру» бюджеттік бағдарламасына 2 116 719,0 мың теңге жоспарланып 2 115 964,1 мың теңгесі игерілген немесе 99,9%-ға орындалған. Игерілмеген 754,9 мың теңге нақты шығыстан үнемделген қаржы.

753 006 «Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру» бюджеттік бағдарламасы бойынша

2 410 336,0 мың теңге жоспарланып, 2 402 455,6 мың теңгесі игерілген, немесе 99,9%-ға орындалған. Есепті кезеңге игерілмеген қаржы 7 880,4 мың теңгені құрайды. Оның ішінде, айлық жалақы қорынан 388,8 мың теңге, 159 ерекшеліктен 58,970 мың теңге ағымдағы айда үнемделген қаржы, 149 ерекшеліктен кеңсе және шаруашылық заттарынан 7365,0 мың теңгеге мемлекеттік сатып алу заңы бойынша конкурстар ұйымдастырылып анықталған мердігерлермен келісім-шарт жасалған, алайда мердігерлер шартта көрсетілген мерзімде тауарлар жеткізілмей қаржы аударылмаған.

753 011 «Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету» бюджеттік бағдарламасы бойынша 715 369,0 мың теңге жоспарланып, 711 387,0 мың теңгесі игерілген немесе 99,9%-ға орындалған. Игерілмеген 28,2 мың теңге нақты шығыстардан үнемделген. Есепті кезеңге игерілмеген қаржы 3 981,1 мың теңгені құрайды. Оның ішінде, айлық жалақы қорынан 3 625,2 мың теңге, 142 ерекшеліктен 20,0 мың теңге, 149 ерекшеліктен кеңсе және шаруашылық заттарынан 160,5 мың теңге, 159 ерекшеліктен 73,1 мың теңге, 169 ерекшеліктен 100,4 мың теңге ағымдағы айда үнемделген қаржы.

753 024 «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау» бюджеттік бағдарламасы бойынша 10 474 841,0 мың теңге жоспарланып, 10 474 841,0 мың теңге игерілген немесе 100,0% орындалған.

753 052 «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2 252 648,0 мың теңге жоспарланып, оның 2 252 648,0 мың теңгесі игерілген немесе 100,0%-ға орындалған.

753 067 «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2 092 061,0 мың теңге жоспарланып, 1 628 750,1 мың теңгесі игерілген. Игерілмеген 463 310,9 мың теңге, оның ішінде: жас маман бағдарламасы бойынша 4 колледжге жоспарланған қаржылардан атап айтқанда 1 Көпсалалы индустриалды техникалық колледжге – 282 231,0 мың теңге, 2 Кентау көпсалалы колледжге- 293 807,0 мың теңге, №7 колледжге 256 868,0 мың теңге, Д.Қонаев атындағы №25 колледжге – 290 300,0 мың теңге жоспарланған қаржыларға қазіргі таңда мемлекеттік сатып алу конкурстары ұйымдастырылып 70% келісім-шарт жасалып тауар жеткізілуде, алайды ағымдағы айда игерілмеген қаржыларға мемлекеттік сатып алу конкурстарына ешкім қатыспай, жеңімпаз анықталмай қайта жарияланған, сол себептен қаржылар игерілмеген. Күрделі құрылыс жұмыстары үшін бөлінген қаржыға 10% қаржысы 20 000,0 мың теңге жыл басында келісім шарт түзілген, алайда ағымдағы айда бағдарламаға өзгеріс енгізіліп, келісім-шарттар қайта

Қазынашылық департаментіне тіркеу жұмыстарын жүргізген, Жас маман бағдарламасы бойынша 4 колледжге қаралған қаржының 10% пайыз қаржысы 4 640,1 мың теңге.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 30 қарашадағы №629 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқаулығының» 48-тармағына сәйкес, бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) іске асырылуы туралы есеп есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 1 ақпанына дейін әрбір бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) бөлінісінде қағаз және электрондық тасығыштарда оған түсіндірме жазбамен бюджетті атқару жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органға берілген.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері

Жалпы аудитпен 114 750 297,7 мың теңге (*республикалық бюджет қаражаты 22 343 936,1 мың теңге*) қамтылды, оның ішінде 2018 жыл кезеңі бойынша 6 518 337,6 мың теңге, 2019 жыл кезеңі бойынша 25 047 884,0 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 1 637 211,0 мың теңге*), 2020 жыл кезеңі бойынша 28 684 016,1 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 4 159 767,1 мың теңге*), 2021 жылдың 31 тамызына 54 500 060,0 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 16 546 958,0 мың теңге*) қамтылды.

Жалпы аудитпен қамтылған 72 (*оның ішінде 71 объект бойынша үстеме тексеру*) объектінің ішінде 26-де қаржылық бұзушылықтар сомасы және 29 объектіде 174 бірлік рәсімдік бұзушылықтар анықталған.

Анықталған бұзушылықтар сомасы барлығы **2 143 299,9 мың теңгені** құрады. Оның ішінде:

- Бюджет қаражатын және активтерді пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары **1 154,6 мың теңге**;
- Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары **2 142 145,3 мың теңге**;
- Тиімсіз жоспарланған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы (мың теңге) **0,0 мың теңге**.

Жалпы өтелуге және қалпына келтірілуге жататын қаржы көлемі **2 143 299,9 мың теңге**, оның ішінде қалпына келтіруге жататыны 2 142 145,3 мың теңге, өтелуге жататыны 1 154,6 мың теңге.

Жалпы аудиторлық іс-шара барысында барлығы **2 139 284,8 мың теңге** өтеліп, қалпына келтірілген (*оның ішінде 2 138 714,0 мың теңге қалпына келтірілген болса, 570,8 мың теңгесі өтелді*).

Сонымен қатар, аудиторлық қортындыны әзірлеу барысында 3 431,3 мың теңге қалпына келтірілді.

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы 174 бірлік бұзушылық фактілері 29 объектіде орын алған.

Аудит барысында келесі бұзушылықтар орын алған:

Бюджет қаражатын және активтерді пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасының және өзге де заңнаманың бұзушылықтары 11 мекемеде 1 154,56 мың теңгені құраған.

Атап айтқанда:

1.Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы ММ бойынша 37,8 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған.

Toyota Camry XW7BF4FK90S165212 маркалы, мемлекеттік номері 370 AA13 (Бір айда көліктің 1 бірлігіне 3000 километр х Қашықтыққа арналған бензин шығысының нормасы, 13 литр / 100 = 390 литр), жол жүру парағы бойынша 2019 жылдың қазан, қараша, желтоқсан айлары аралығында 270 литр жанар-жағар май артық жаратылған, лимиттен артық жанар-жағар май 37,8 мың теңгені құрап, яғни 2076 километр артық жүрген.

Бұл ретте, ҚР Қаржы министрінің 17.03.2015 жылғы «Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен, телефон байланысымен, кеңсе жиһазымен және мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы» №179 бұйрығы 1-қосымшасының «Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен қамтамасыз етудің заттай нормалары» (Р/с №25) тармағы және Түркістан облысы әкімінің 09.09.2019 жылғы «Облыс әкімінің аппаратына және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарға автокөліктерді бөлу және оларға, тексеру комиссиясына жүру лимитін айқындау туралы» №6 шешімінің 1 қосымшасы бұзылған.

2. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы ММ бойынша 206,7 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған.

2020 жылдың қаңтар мен желтоқсан айлары аралығында Nissan Almera Classic маркалы, мемлекеттік номері 380 AA13, Skoda Superd маркалы, мемлекеттік номері 360 AA13 автокөліктері бюджет қаражатын заттай нормадан 1406 литр жанар-жағар май артық жаратылып, жанар-жағар май лимиттен артық 206,7 мың теңге тиімсіз жаратылған.

Бұл ретте, ҚР Қаржы министрінің 17.03.2015 жылғы «Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен, телефон байланысымен, кеңсе жиһазымен және мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы» №179 бұйрығы 1-қосымшасының «Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен қамтамасыз етудің заттай нормалары» (Р/с №25) және Түркістан облысы әкімінің 09.09.2019 жылғы «Облыс әкімінің аппаратына және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарға автокөліктерді бөлу және оларға, тексеру комиссиясына жүру лимитін айқындау туралы» №6 шешімінің 1 қосымшасы бұзылған.

3. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «№15 колледжі» МКҚК бойынша 72,7 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған, Атап айтқанда:

1) 2019 жылдың сәуір айында кәсіпорының өндірістік шебері Е.Турсбековке 41,6 мың теңге айлық жалақы төлену керек болса, нақты 114,3 мың теңге 2019 жылдың 23 сәуірдегі №127 төлем тапсырмасымен төленген, яғни 72,7 мың теңге артық төленгені анықталды.

Бұл ретте, 2015 жылғы 23 қарашадағы ҚРЗ №414-V Еңбек кодексінің 103 бабының 1 тармағының талаптары сақталмаған.

Мемлекеттік аудит барысында 2021 жылдың 11 қазандағы №2110119524896 санды түбіртегімен 72 724 теңге жергілікті бюджетке 206109 кодына толық өндірілді.

4. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «№19 колледжі» МКҚК бойынша 88,4 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған.

2019 жылдың 01 шілдесінде кәсіпорын директорының №64 бұйрығының 1 тармағында директордың оқу өндірістік ісі жөніндегі орынбасары Ильясов Айдар Шекербекович, Арыс қаласының әкімдігіне іссапарға жіберу бойынша іссапар шығынын артық төленіп, заң нормаларының сақталмағаны анықталды.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» №256 қаулысының Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларының 3 тармағының 1, 2 тармақшасының талаптары сақталмаған.

Аудит жүргізу барысында кәсіпорынның директордың оқу өндірістік ісі жөніндегі орынбасары Ильясов Айдар Шекербекович 2021 жылы 07 қазандағы 160300/09 касса 4017 №620300062750 түбіртегімен 88,4 мың теңгені 206109 кодына бюджетке толық өндірілді.

5. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Ғани Мұратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық-техникалық колледжі» МКҚК бойынша 43,2 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған.

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесі туралы» №1193 санды қаулысының 1 қосымшасының талаптарын сақтамай, яғни кәсіпорының хореография пәнінің мұғалімі Д.Мадияноваға жоғары білімі болмаса да, лауазымының функционалдық блоктар бойынша сыныптамасын дұрыс анықтамау салдарынан 2018 жылдың қазан, қараша, желтоқсан айыларында В4-4 снатының орнына В1-4 санатымен қазанға 17697 теңге, қарашаға 15746 теңге, желтоқсанға 9761 теңге есептеп жалпы 43 204 теңге артық айлық жалақы төленгені анықталды.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге мемлекеттік бюджет

қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесі туралы» №1193 санды қаулысының 1 қосымшасының талаптары сақталмаған.

Мемлекеттік аудит барысында 2021 жылдың 20 қазандағы №2110204295778 санды түбіртегімен **43 204** теңге жергілікті бюджетке 206109 кодына толық өндірілді.

6. Түркістан облысының адами әлеутті дамыту басқармасының «Кентау көпсалалы колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны 157,5 мың теңге теңге қаржылық бұзушылық анықталған.

2021 жылдың 11 мамырдағы кәсіпорын директорының №103 бұйрығы негізінде директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары Дуйсенбиев Сәкен Шалдарбекұлына іссапар ақысын төлеу барысында бұзушылықтар анықталған.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» №256 қаулысының Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларының 4 тармағының 2 тармақшасының талаптары сақталмаған. Яғни, 157,5 мың теңге тәулікақы негізсіз төленгені анықталды.

Аудит жүргізу барысында кәсіпорынның директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары Дуйсенбиев Сәкен Шалдарбекұлы 2021 жылы 10 қазандағы Терминал 39080009 түбіртегімен **157,5 мың** теңгені 206109 кодына бюджетке толық өндірілді.

7. Түркістан облысының адами әлеутті дамыту басқармасының «Көпсалалы индустриалды-техникалық колледжі» МКҚК 129,9 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған.

2020 жылдың 25 қаңтарында кәсіпорын директорының №01 бұйрығы негізінде мекеме қызметкерлерінің іссапар ақысын төлеу барысында жалпы тұрғын үй-жайды жалдауға 129,9 мың теңге негізсіз артық есептелініп төленген.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» №256 қаулысының Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларының 3 тармағының 2 тармақшасының талаптары сақталмаған.

Аудит жүргізу барысында 129,9 мың теңге бюджетке толық өндірілді.

8. Түркістан облысының адами әлеутті дамыту басқармасының «Түлкібас ауданының үш тілде оқытатын мамандандырылған мектеп интернаты» КММ бойынша 58,3 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған.

Мекеме қызметкерлеріне іссапар ақысын есептеу және төлеу барысында бұзушылықтар анықталған.

Бұл ретте, ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысымен бекітілген Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидасының 4 тармақ 2 тармақшасы басшылыққа алынбаған.

